

8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы орындалған Ақынова Жібек Мұхтарқызының диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті, психология ғылымдарының докторы

Токсанбаева Нургүл Қорғанжановнаның

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ақынова Жібек Мұхтарқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау» атты диссертациясы 2022 жылғы 3 тамыздағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты, 14.10.2022 №422 бұйрығы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы құжаттарын басшылыққа алумен сипатталады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жыл, 1 қыркүйегіндегі Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауы шеңберінде орындалған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы	Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың негізгі бағытымен сәйкес келеді: 7) «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған; 8) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер»: ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген: жасалған тұжырымдарды мектепке дейінгі педагогика ғылымы саласында ғылым және жоғары білім саясатын жүргізудің заманауи тәсілдерін қолдану бағытында, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы мамандарын

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру орталықтарында қолдануға болады
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады өйткені болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың субъект-субъектілік қатынас негізінде, психологиялық-педагогикалық тұрғыда талдап сипаттама берілген. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясын іс-жүзінде қолданудың теориялық негізі жасалып және маңызды тұстары ашып көрсетілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі, мақұлданыуы, сынақтан өтуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуінен айқын көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылымның даму деңгейі мен қоғамдық сұраныстарға байланысты негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау» атты диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертация мазмұны «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың заманауи мәселелері», «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың моделі», «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау жұмыстарының мазмұны мен әдістемесі» атты үш тараула жүйелі түрде көрініс тапқан.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты - болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруды ғылыми-теориялық негіздеп, жұмыс практикасында қоланудың мазмұны мен әдісін, технологиялары әзірленген. Зерттеу міндеттері - субъект-субъектілік қатынас негізінде балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық тұстарының сипаттамасы; ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру түсінігіне талдау беру; мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың элективті курс бағдарламасын түзу және оның тиімділігін тәжірибе арқылы тексеруден өткізіп, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу міндеттеріне сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Диссертацияның «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың заманауи мәселелері» («ертегі терапиясы», «субъект-субъектілік қатынас» және «коммуникативтік дағдылар» ұғымдары бойынша ғылыми әдебиеттер зерттелініп, ғалымдардың пікірлері негізінде өз ой тұжырымдары жасалған); «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың моделі» (болашақ педагогтерді балалардың коммуникативтік дағдыларын</p>

			<p>қалыптастыруда ертегі терапиясының технологияларын қолдануға даярлау, болашақ педагогтерді ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктерін анықтауға даярлау, мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың моделі негізделді), «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау жұмыстарының мазмұны мен әдістемесі» (болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау курсының бағдарламасы, болашақ мектеп жасына дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының мазмұны, эксперименттік-тәжірибе нәтижелері сипатталады) атты үш тарауы мен құрылымы өзара логикалық бірізділік негізінде толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар. <p>Диссертацияда автор келесі жаңа шешімдерді (қағидаттарды) ұсынған: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға дайындау субъект-субъектілік қарым-қатынас негізінде психологиялық-педагогикалық тұрғыда сипаттама берілді; ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру түсінігіне теориялық талдау берілген; мектепке дейінгі ұйым педагогтарын ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған; болашақ мектепке</p>

			дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың элективті курс бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып, тәжірибелік жұмыстың тиімділігі дәлелденіп, нәтижелері көрсетіліліп, ұсыныстар әзірленген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады, өйткені «ертегі терапиясы» мәні нақтыланды, «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау» ұғымына түсініктеме берілген, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға дайындау мәселесіне субъект-субъектілік қарым-қатынас негізінде психологиялық-педагогикалық тұрғыда сипатама берілген; ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру түсінігіне теориялық талдау берілген; мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылып, танымдық, мотивациялық, іс-әрекеттік компоненттері анықталған. Ұстанымдар мен тұғырларына негізделген өлшемдері, көрсеткіштері, әдістерінен тұратын құрылымдық-мазмұндық моделінің жаңадан жасалуымен сипатталған; Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ертегі терапиясын қолдану технологиялары мақсатындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігі анықталған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.

		<p>болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Біріншіден, ««коммуникативтік дағдыны қалыптастыру» ұғымының мәні ашылды, «субъект-субъект қарым-қатынас» ұғымына талдау берілген; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың тұлғаға бағыттылған, диалогтық, акмеологиялық, жүйелілік тұғырлары негізделді; мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың әдістері, тәсілдері, технологияларын қолдану мүмкіндіктері қарастырылып, мазмұны жасалып, тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда талаптарға сәйкес негізделген. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ертегілердің зор мүмкіндіктері болағанымен, болашақ МДҰ педагогтерін даярлау мәселесіне арналған ғылыми педагогикалық-психологиялық зерттеулердің жеткіліксіздігі анықталған. Ертегі терапиясын қолдану мектеп жасына дейінгі баланың психикалық бағыттағы қасиеттерін жекеше түзетудің құралы ретінде талдау кезінде коммуникативтік дағдыларын дамытудың қажеттіліктері және оқу-тәрбие жұмысында ғылыми негізділігі арасында қайшылықтар анықталған. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысында қарама-қайшылықтарын айқындауға мүмкіндік берді, атап айтқанда: дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін педагогикалық-психологиялық қолданбалы жұмыстарда репродукциялауға болады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу мәселесінің көкейкестілігін айқындауда оның бүгінгі күнгі жетістіктері мен қарама-қайшылықтары анықталған. 1. Диссертацияда «коммуникативтік дағдыны қалыптастыру» ұғымының мәні ашылды, «субъект-субъект қарым-қатынас» ұғымына талдау берілген. 2. Балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ертегі терапиясын қолдану теориясында ертегілердің түрлері зерделеніп, ғалымдардың ертегіге берілген анықтамалары топтастырылды, арт-терапиясының шығу тарихында даму кезеңдері зерделеніп, шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстары талданып, ертегі терапиясының қолдану бағыттары көрсетілді, ертегі терапиясының типологиясы сараланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Бірінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға дайындау мәселесіне субъект-субъектілік қарым-қатынас негізінде іс-әрекетін жүзеге асыру жолдарын меңгерген, ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру түсінігін кең ауқымды ұғынған, ертегілерді балалардың жас ерекшелігіне байланысты іріктеп алу тәсілдерін үйренген, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда әдіс-тәсілдерді сәйкес қолдану жолдарын пайдалана білген, болашақ педагогтер шығармашылығын дамытуға негізделген ертегі жазу алгоритмін меңгерген.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың мәні айқындалған</p> <p>7.4. Кең. Болашақ мектепке дейінгі ұйым</p>

			<p>педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау жоғары білім жүйесінде жүзеге асыру ауқымы кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ертегі терапиясын қолдану әдістемесін үйрету жолдары» атты мақаласы 2022 ж. жарыққа шыққан «Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы» «Педагогика ғылымдар» сериясы басылымының №1 (73) санында және халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында 4 мақала жарияланған.</p> <p>7.1 Екінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың мүмкіндіктері – болашақ педагогтің ертегі туралы бұрын қалыптасқан ұғым түсініктері негізінде, психологиядан меңгерген етегі терапиясы туралы білім біліктеріне сүйене отырып балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың жаңа деңгейдегі ұғым, түсініктермен тәсілдерін іс жүзінде қолдану әлеуетіне негізделген.</p> <p>7.2 Жок. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы болашақ педагогтердің қызығушылығы, мотивациясы, білімді меңгеруге деген ұмтылыстарының тұтастығы негізінде дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Екінші қағидат жаңа, өйткені ізденуші білім беру үдерісіне қатысушылардың субъект-субъектілік қарым-қатынас әрекеттесудің рефлексивтілігі негізінде шығармашылық әлеуеті тұрғысында ықпал етуі арқылы тұжырымдады.</p> <p>7.4. Кең, өйткені болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі бүгінгі студент – ол қоғамда кәсіби білім біліктерінің мығымдығына сүйене отырып қоғамда өз орнын табуы үшін жоғары оқу орындарында берілген білімді тыңғылықты меңгеруі маңызды</p>
--	--	--	--

			<p>белгілердің тұрақты жүйесі болғандықтан, ұсынылып отырған элективті курс бағдарламасын жоғары оқу орындарында жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық үдеріске енгізудың мүмкіндігі жоғары.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Екінші қағидат «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ертегі терапиясын қолдану әдістемесін үйрету жолдары» атты ғылыми мақалада көрініс тапқан.</p> <p>7.1 Үшінші қағидат дәлелденді, өйткені мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу негізінде танымдық, мотивациялық, іс-әрекеттік компоненттерінің бірыңғай құрамының қалыптасатыны дәлелденді.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Үшінші қағидат жаңа, өйткені білім алушылардың ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау мәселелерін зерттеудің тұлғаға бағыттылған, диалогтық, акмеологиялық, жүйелілік тұғырлар негізінде анықталуы мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың моделінің білім алушылардың білім алуға қызығушылықтарын, ертегіні құрастыруға ынтасы, шығармашылық әлеуеті іс жүзінде қолдану, ертегі терапиясының әдіс, тәсілдерін меңгеруін өзігімен ізденісін қамтуға мүмкіндік жасады.</p> <p>7.4. Кең. Зерттеу нәтижелерін мен әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде,</p>
--	--	--	--

			<p>тәрбиеші-педагогтердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде толық пайдалануға болады</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Үшінші қағидат Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігі ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған 3 мақалада көрініс тапты.</p> <p>7.1 Төртінші қағидат дәлелденді, өйткені «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ертегі терапиясын қолдану технологиялары» тақырыбындағы элективті курсы, «Ертегі терапиясы» атты алты ертегіден тұратын кюар код енгізу арқылы қолданатын ертегілер жинағы, «Magic book» әдістемелік құралынан тұратын болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау үшін әдістемесі ұсынылды</p> <p>7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Үшінші қағидат жаңа, өйткені «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ертегі терапиясын қолдану технологиялары» тақырыбындағы элективтік курсы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда потенциалдық мүмкіндігі жоғары, ертегіні өз тұсынан құрастыра білуі, ертегілерді өзiгiмен әдiстемелердi жасау арқылы тапсырмалады орындау, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің коммуникативтік дағдыларын меңгеріп, қалыптасуына мүмкіндік береді.</p> <p>7.4. Кең.</p> <p>Элективті курс негізінде ертегі терапиясы арқылы мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу мамандығы білім алушыларының балаларда коммуникативтік дағдыларын</p>
--	--	--	---

			<p>калыптастыру бойынша іс-әрекетін ұйымдастыруды жоғары оқу орындары тәжірибесіне енгізу мүмкіндігі кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Зерттеу нәтижелері Scopus базасындағы ғылыми басылымда 1 мақалада жарияланған.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>8.1 Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған.</p> <p>Зерттеуде теориялық әдістер (оқу-әдістемелік, философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, монографияларды, зерттеу мәселесі бойынша диссертацияларды, нормативтік-құқықтық дереккөздерді зерттеу, талдау, ақпаратты жіктеу және жүйелеу, салыстыру, синтездеу, индуктивті және дедуктивті жалпылау, педагогикалық модельдеу, эмпирикалық әдістер, тікелей және жанама бақылау, сараптамалық бағалау, тестілеу, сұхбат, онлайн-сауалнама, педагогикалық эксперимент, статистикалық әдістері қолданылған. Сакс және Левидің «Аяқталмаған сөйлемдер» сауалнамасы, О.М.Дьяченконың «Ертегі құрастыру» әдістемесі, «Ойыңмен бөліс» өз тұсынан құрастырған тесті қолданған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>8.2 Ия.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін (ПК – «Excel», SPSS бағдарламалары) пайдалану негізінде алынған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған</p>	<p>8.2 Ия. Тәжірибелік эксперименттік жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде ұйымдастырылып, жүзеге асырылды. Тәжірибелік-экспериментке 130 білім алушы қатысты. Ғылыми нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде</p>

		(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	дәлелденген.
		8.4.Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ізденуші 180 әдебиетті қолданған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	9.1 Ия. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда теориялық-әдіснамалық тұрғыдағы негіздемесін жұмыс практикасында қолдану мүмкіндігі бар; теориялық зерттеулер нәтижесінде жасалған ой тұжырымдар мен маңызды ұғымдарға берілген анықтамаларды осы мәндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнына ендіруге болады; ертегі терапиясы арқылы балаларда коммуникативтік дағдылар қалыптастыруға байланысты субъект-субъект тұрғысынан берілген талдауларды, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерге оқылатын дәрістер мазмұнына ендіру мүмкіндігі бар. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігінің тексерілуінің нәтижелері диссертацияның теориялық маңызы бар екенін көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған	9.2 Ия. Зерттеу нәтижелерін "Білім беру" бағытындағы болашақ мамандарды

		<p>нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>даярлау процесінде тиімді пайдаланудың мүмкіндігі жоғары болып табылады, өйткені жоғарғы оқу орындарындағы білім алушыларды даярлау жұмыс практикасында «Мектеп жасына дейінгі баланың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ертегі терапиясын қолдану технологиялары» атты элективті курсты пайдалануға болады, мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық -мазмұндық моделі зерттеу жұмысының тәжірбиелік бөлімінде берілген сабақтардың мазмұнын және соған сәйкес жасалған оқу – әдістемелік құралдарды мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс практикасында пайдалану мүмкіндігі бар.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>9.3 Толығымен жаңа. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлада «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ертегі терапиясын қолдану технологиялары» тақырыбындағы элективті курсы, «Ертегі терапиясы» атты алты ертегіден тұратын кюар код енгізу арқылы қолданатын ертегілер жинағы, «Magic book» әдістемелік құрал, «Қазақ ертегілер» жапсырмасы ұсынылған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Жазу және ресімдеу сапасы талаптарға сәйкес келеді. Ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың өте сауатты ғылыми тілде жазылуы академиялық жазу сапасының жоғары деңгейін көрсетеді.</p>

Ізденуші Ақынова Жібек Мұхтарқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау» тақырыбында орындалған диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің және «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес дербес орындалған және мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлаудың теориялық және қолданбалы міндеттерін

шешуге елеулі үлес қосатын іргелі ғылыми зерттеу жұмыс болғандықтан, 8D01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

эл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университетінің доценті,
психология ғылымдарының докторы



Токсанбаева Н. К.

